

ХАТТАМА №2

Күні: 16.02.2023 жыл

Комиссия төрағасы: З.К.Саттарова – директор м.а.

Хатшы: К.Ж.Усманова - тәрбиеші

Қатысқаны: 41 адам

Тақырыбы: Терроризмге қарсы күрес заңымен таныстыру

Күн тәртібі: Терроризмге қарсы күрес туралы заңымен таныстыру, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары бойынша мәлімет беру.

Өтілу түрі: әңгімелесу

Сөзге шықты: комиссия төрағасы З.К.Саттарова қазіргі уақытта терроризммен күрес бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселе екенін айтып өтті. Біздің елімізде «Терроризмге қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 І Заңы қабылданды. Осы Заңда көрсетілгендей Терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы; терроризм актісі – адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау болып табылады.

Шешім: Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңының орындалуын қадағалау.

Комиссия төрағасы:

З. К.Саттарова

Хатшы:

К.Ж.Усманова